



ТҮРПАТ- ҚАЗАЛЫ



№33
(2411)
Сәрсенбі
13 мамыр
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ



Қазалы мәдени-демалыс кешенінде Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай «Жеңіс – бейбіт өмірдің бастауы» атты мерекелік салтанатты шара өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, ауданның зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, аудандық мәслихаттың депутаттары, ел ағалары мен аудан тұрғындары қатысты.

Шарада қан майданда қаза тапқандар мен ардагерлердің рухына арнап құран бағышталып, тағзым етілді. Сұрапыл соғыс жылдарындағы қанмайдың қаһармандарын 1 минут үнсіздікпен еске алып, «Тағзым» алаңындағы ескерткішке гүл

шоқтарын қойды.

Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін аудан әкімі шараға қатысушылар мен барша аудан тұрғындарын Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.

«Жеңіс күні – төл тарихымыздағы орны ерекше, қасиетті күн! Ерлік пен елдіктің, батырлық пен бірліктің, отансүйгіштік пен қайсар рухтың мерекесі. Биыл адамзат тарихындағы ең ауыр сұрапыл соғыстың аяқталғанына 81 жыл толып отыр. Ұлы Отан соғысына ортақ Отанымызды қорғау үшін Қазалы ауданынан 11 мыңға жуық азамат майданға аттанып, 6 мыңнан астамы ғана аман-есен елге оралған. Бүгінде біздер сол бір сұрапыл соғыста

өшпес ерлік көрсетіп, аттары аңызға айналған қасиетті Қазалы топырағынан шыққан батырлар: Үрмәш Түктібаев, Мақаш Балмағанбетов, В.М.Счастнов, Г.Ф.Шляпин, Я.Д.Михайлюк аталарымыздың есімдерін мақтанышпен айтып, ерліктеріне бас иеміз. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Бүгінгі тыныш заман мен Тәуелсіз елдің жарқын болашағы – Ұлы Отан соғысында жанқиярлықпен ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың, тылда аянбай еңбек еткен ардагерлеріміздің маңдай тері мен өлшеусіз еңбегінің жемісі.

Халқымыздың құрметке лайық қаһармандығы мен қайтпас қажыр-қайратының айнымас үлгісіне айналған Ұлы Жеңістің 81 жылдығы тағы да баршаңызға құтты болсын!

Батыр бабаларымыз қорғап қалған қасиетті Отанымыз аман, еліміз тыныш, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін, - деді аудан әкімі.

Мерекелік шарада аудан өнерпаздары Ұлы Отан соғысының басталуы, Жеңіске қол жеткізген кезең мен сұрапыл соғыстағы ерлік көрсеткен қазақ батырлары жайында қойылымдар қойып, патриоттық әндер шырқап, жиылған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.

АУДАН ӘКІМІ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге аудандағы тыл ардагерлерінің шаңырағына арнайы барып, мерекемен құттықтады.

Сұрапыл соғыс жылдарында тылда тынымсыз еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерге құрмет көрсетіліп, сый-сияпат табысталды.

Ел басына күн туған қиын кезеңде бөлі бекіп, буыны қатпай жатып еңбек майданына араласқан аға буынның ерлігі мен төзімі – бүгінгі ұрпақ үшін өнеге.

Аудан басшысы бастаған топ алдымен Әйтеке би кентінде тұратын 90 жастағы тыл ардагері Қаным Құрманбаева



мен Ұлы Отан соғысының ардагері Шамша Бисембаевтың жары, тыл ардагері Қанымкүл Оспанованың шаңырағына барып, мерекелік лебізін жеткізді. Сондай-ақ, Жалаңтөс батыр аулындағы тыл және еңбек ардагері Дәуіт Сайын ақсақал

мен Қазалы қаласында тұратын ардагер Мәлік ақсақалға арнайы барып сәлем беріп, құрмет көрсетті.

Кездесуде аудан әкімі тыл еңбеккерлерінің Ұлы Жеңісті жақындатуғағы ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын,

майдан даласында жаумен арпалысқан жауынгерлерге азық-түлік, киім-кешек дайындап, күн-түн демей еңбек еткен тыл ардагерлерінің қажырлы еңбегі – бейбіт өмірдің берік негізі екенін атап өтті.

Ел ағаларының өнегелі ғұмыры, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі мен ел бірлігін сақтаудағы ақыл-парасаты ерекше құрметке лайық екенін жеткізді. Ақ жаулықты аналар мен ақсақалдардың ақ батасы мен тілегі – елдің берекесі мен ырысының бастауы екенін айтты.

Өз кезегінде ардагерлер көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдіріп, ел амандығы мен жұрт тыныштығын тілеп, ақ баталарын берді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ТИІСТІ САЛА БАСШЫЛАРЫНА НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, макроэкономикалық межелердің орындалуы, инвестиция тарту, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жұмыспен қамту және бюджет кірістерін ұлғайту, қоғамдық-саяси ахуал сынды бірқатар маңызды мәселелерге қатысты мәжіліс өткізіп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте аудан басшысы алдымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаевтың Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалуына байланысты өңірдің дамуына тың серпін беру, барлық салада нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыстарды күшейту қажеттігін ескертті.

2026 жылдың алғашқы 3 айының қорытындысымен аудан көрсеткіштерінде оң дина-



мика қалыптасқанын атап өтіп, алдағы уақытта да қарқынды бәсеңдетпеді тапсырды. Өнеркәсіптің өңдеу саласын дамыту, жаңа өндіріс көздерін ашу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, тұрақты жұмыс орындарын құру және құрылыс нысандарын белгіленген мерзімде пайдалануға беру

жөнінде жауаптыларға нақты міндеттер жүктеді.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген қаржыларды уақытылы әрі тиімді игеру, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру мәселелері де қатаң бақылауда болуы керектігін айтты.

Жиында қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізу, тұрғындармен кері байланысты күшейту және халықты аудан көлеміндегі жағымды жаңалықтармен тұрақты ақпараттандыру мәселелеріне де ерекше назар аударды. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудандық полиция бөліміне күнделікті күшейтілген режимде жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мәжіліс соңында аудан әкімі елді мекендердегі тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталып, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Мәжілісте берілген әрбір тапсырманың сапалы әрі мерзімінде орындалуы тікелей өзінің бақылауында болатынын қатаң ескертті.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА «YERBOL» ТІС ЕМХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Әйтеке би кентінде «YERBOL» тіс емханасының ашылу салтанаты өтті. Игі шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, жаңа нысанның ел игілігі жолындағы маңызын атап өтті.

денсаулық сақтау саласының ардагері Амангелді Қадірбаев сөз сөйлеп, жаңа емхананың жұмысына сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, «YERBOL» емханасының алғашқы директоры



Салтанатты шарада аудан әкімі денсаулық сақтау саласындағы атқарылып жатқан игі жұмыстарды атап өтіп, 40 жылдан астам уақыттан бері аудан медицинасының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан Бекжановтар әулетіне алғысын жеткізді. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы мұндай бастамалардың кәсіпкерліктің дамуына да оң ықпал етіп отырғанын атап өтті.

Шарада ауданның денсаулық сақтау саласына және халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету ісіне қосқан үлесі үшін Бекжановтар әулетіне аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Жиында Қазалы ауданының денсаулық сақтау саласын ұзақ жылдар басқарған, ауданның құрметті азаматы,

болған марқұм Жомарт Бекжановтың досы, Шымкент қаласынан арнайы келген тіс дәрігері Мырзақан Жолтаев жүрекжарды лебізін білдіріп, Бекжановтар әулетінің елге қызмет етудегі еңбегі жайында сөз қозғады.

Салтанатты рәсім соңында арнайы лента қиылып, қонақтар жаңа емхананың ішкі құрылымымен, заманауи медициналық құрал-жабдықтарымен танысты.

Айта кетейік, «YERBOL» тіс емханасы тұрғындарға тіс емдеу, тіс жүлу және тіс протездеу қызметтерін көрсетеді. Заманауи құрылғылармен жабдықталған жаңа нысан халыққа сапалы медициналық қызмет ұсынуға бағытталған.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ, заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал, ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
полковнигі**

ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі автомобиль жолдарына жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу және жаяу жүргіншілер жолының құрылыс жұмыстарын аралап көріп, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзімінде орындалуын назарға алды.

Биыл аудан орталығындағы тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз жүріп-тұруына жағдай жасау мақсатында бірқатар көшелердің асфальт жабындысына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Атап айтқанда, Р.Сабырбаев, С.Сейфуллин,

Біржан сал, Жалаңтөс батыр, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, С.Сүлейменов көшелерінде автомобиль жолдарының тозған бөліктері жаңартылып, асфальт қабаты ретке келтіріледі.

Қазіргі таңда мердігер мекеме тарапынан дайындық және құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Аудан басшысы жауапты сала мамандары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына ерекше мән беруді, тұрғындар үшін қолайлы инфрақұрылым қалыптастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі Бөріқұлақов көшесі

мен 5 квартал аумағындағы Жетес би көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, әсіресе балалардың мектепке қауіпсіз қатынауына мүмкіндік береді.

Жобаға сәйкес, Бөріқұлақов көшесіндегі тротуардың ұзындығы 2,5 шақырым, Жетес би көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолы 1,6 шақырымға созылады. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі жол инфрақұрылымын жақсарту

бағытындағы жұмыстарды аралап көргенде Желтоқсан және В.Счастнов көшелерінің бойындағы көпқабатты үйлердің аулаларына автотұрақ пен жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарының сапасын бақылап, тиісті сала басшылары мен мердігерлерге бірқатар тапсырмалар берді.

Аудан әкімі инфрақұрылымды дамыту – халықтың тұрмыс сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі екенін атап өтіп, ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

•Егіс - 2026

ЕГІС ДАЛАСЫНА АЛҒАШҚЫ ДӘН СЕБІЛДІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Ақтан батыр аулындағы «Береке» шаруа қожалығының егіс алқабына барып, биылғы жылдың алғашқы дән себуіне қатысты.

Егіс даласында өткен жиында аудан басшысы мен аудандық мәслихаттың депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, шаруашылық құрылымдарының басшылары, ауылдық округ әкімдері, еңбек ардагерлері мен ақсақалдардың батасын алып, алқапқа алғашқы дән сеуіп, диқандарға сәттілік тіледі. Ел қамбасының астыққа толуын, мол өнім алуды тілеп, шаруа азаматтарының еңбегі нәтижелі болуына тілектестігін білдірді.

Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыштар, өсімдік қорғау құралдары және озық техникалар көрмесімен танысты.

Егіс алқабында өткен жиын «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты.

Семинар кеңесте аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов көктемгі егіске дайындық барысы туралы, ал, «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің басшысы Нұрлан Әбілдаев шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету мәселелері туралы хабарлама жасады.

Жиында сөз алған аудан әкімі ауыл шаруашылығы саласының аудан экономикасындағы айрықша маңызын атап өтіп,

егіс науқанының сапалы әрі дер кезінде орындалуы – жыл бойғы еңбектің нәтижесіне тікелей әсер ететінін жеткізді.

– «Көктемнің бір күні – жылға азық» деген қағиданы берік ұстануымыз керек. Бүгінгі атқарылып жатқан әрбір жұмыс – ертеңгі мол өнімнің негізі. Сондықтан барлық шаруашылықтар агротехникалық талаптарды қатаң сақтап, белгіленген мерзімдерден кешікпеуі қажет, – деді аудан басшысы.

Аудан әкімі су тапшылығы жағдайында суды үнемдеу технологияларын енгізу, егіс құрылымын әртараптандыру және ауыл шаруашылығын заманауи бағытта дамыту мәселелеріне ерекше тоқталды. Малдың егістік алқаптарға түсуінің алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және ауыл әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысын күшейтуде тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, аудан диқандары биыл 17257 гектар, дақылдар егуді жоспарлап отыр. Бүгінде 340 гектар жаздық бидай, 316 гектар мақсары, 60 гектар жаздық арпа, 2293 гектар жаңа жоңышқа егуді толық аяқтап, 5300 гектар ескі жоңышқаны тырмалап, суғарып, негізгі дақыл 5400 гектар күрші егісінің дайындығына кірісіп кетті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық Бақылау және Қадағалау Комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Е. Апетовтің төрағалығымен Қазалы ауданында көшпелі жиын өткізіліп, ветеринариялық қауіпсіздікке қатысты мәселелер талқыланды.

Ветеринария саласының негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы жануарлары ауруларының алдын алу, оларды емдеу, жануарлар өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау арқылы адамзатты адам мен жануарларға ортақ зооантропонозды аурулардан сақтау. Бұл сала тек үй жануарларына ғана емес, ауыл шаруашылығы малдарына, жабайы жануарларға және жалпы адамзат денсаулығына да тікелей әсер етеді. Сондықтан ветеринария саласы бүкіл адамзат үшін маңызды, қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің бөлігі болып саналады.

Жиында Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Е.Апетов ауданның эпизоотиялық жағдайын қатаң бақылауда ұстауды, ветеринариялық іс-шаралардың, соның ішінде ауысу ауруына қарсы вакцина



егілуін жоспарға сәйкес және сапалы жүргізуді атап өтті.

Бүгінгі таңда, Қазалы ауданында тіркелген 10 сібір жарасының көмінділері талапқа сай қоршалып, металл және өзге қоршаулар бетон қоршауларға ауыстырылып, шартты белгілері қойылып, мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (топографиялық карта) енгізілді. Осы ошақтар алдағы уақытта тиісті ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес қатаң бақылауға алынуы қажет.

Тағы бір өзекті мәселе «Tort Tulik Mobile» мобильді қосымшасы бойынша ау-

дан, қала көлемінде мал шаруашылығымен айналысатын тұлғалар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тоқтатпау және мобильді қосымша бойынша заңды және жеке тұлғалар цифрлық платформаларда жануарларды тіркеу, сату және сатып алу, сойылған жануарларды есептен шығару, ветеринариялық паспорт алу, деректерді түзетуге өтінім беру жұмыстары тұрақты түрде бақылауда болуы тиіс.

Сонымен қатар, жиында аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға берілді. Мәселен, жергілікті жерлерді ветеринариялық нысандармен қамтамасыз етуге

Қазалы ауданында 2026-2027 жылдары 14 мал қорымын салу жоспарланған. 2026 жылы 11 мал қорымы, 2027 жылы 3 мал қорымын салу жоспарға енгізілген.

Е.Апетов мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге де тоқталып, ҚР АШМ-нің 2015 жылғы 21 мамырдағы №7-1/453 бұйрығымен бекітілген «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары мен олардың бланктеріне қойылатын талаптары» сәйкес уақытылы әрі сапалы орындалуы қажет екендігін айтты.

Сондай-ақ, аудан аумағында ауыл шаруашылығы жануарларының өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қозғалысын «фермадан дастарханға дейін» қағидаты бойынша толық қадағалау мақсатында Қазақстан Республикасында «Ветеринариялық-санитариялық сараптама» (ВСЭ) модулі бойынша пилоттық жобаға сәйкес, қоғамдық тамақтану объектілерін (мектепке дейінгі ұйымдар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары), денсаулық сақтау ұйымдары (емханалар, ауруханалар асханалары, қоғамдық тамақтану орындары) модульге қосуды атап өтті.

Жұлдызай ЖЫЛҚАЙДАР,
«Тұран-Қазалы»

СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ

Су – тіршілік көзі, ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес. Сонымен қатар, ата – бабаларымыздың отпен су – тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. ҚР ІІМ-нің Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмауы жөніндегі жүргізіліп жатқан ескертпе, үгіт-насихат жұмыстарына қарамастан облыс, ре-



спублика бойынша жыл сайынғы көрсеткіштерге назар салсақ адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр ем

ес. Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаңыздар: -суға ауаның темпера-

турасы 25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
-тек арнайы жағажайларда ғана шомыл;
-суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
-судан әлсін – әлсін шығып демал;
-қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
-қол – аяқ т ы р ы с қ а н д а үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;
-судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыс бойынша малтып жағаға қарай жүзуге тырыс;

-су иіріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;
-арақ – шарап ішіп, суға түсуге қатаң тыйым салынады;
-егер шаршасаң дереу судан шық;
-бейтаныс жерден суға секірме;
-терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;
-суға шомылғанда автокамераны, допты, тақтайларды пайдалануға болмайды.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.